



№44 (10137)  
17 маусым,  
сейсенбі  
2025 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalaғash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Өндіріс



## Сөз бен істің сабақтастығы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ОЛЖАС БЕКТЕНОВ  
ROSA GROUP ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
ТӨРАФАСЫ САНТЯГО ДЕ ГОМАР  
РОКАМЕН КЕЗДЕСІП, ҚЫЗЫЛОРДА  
ОБЛЫСЫНДА САНТЕХНИКАЛЫҚ  
ЗАУЫТ САЛУ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУ, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ  
НЫҒАЙТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН  
ТАЛҚЫЛАДЫ. КЕЗДЕСУГЕ ОБЛЫС ӘКІМІ  
НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ТА ҚАТЫСТЫ.

Үкімет басшысы өнеркәсіптік өндірісті локализациялау экономиканы құрылымдық нығайтудағы басым міндет екенін атап өтті. Осыған байланысты Қазақстан қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі басым бағыты аясында отандық өндірісті қолдауға және сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған импортты алмастыру саясаты белсенді дамып келеді. Қазақстан мен Испания – стратегиялық серіктестер. Сондықтан біз компанияны сенімді серіктес ретінде көреміз және индустриялық даму үшін жоғары технологиялық өндіріс тартуды құптаймыз. Үкімет жобаның сәтті жүзеге асуы үшін қажетті көмек көрсетеді, – деді Олжас Бектенов.

Жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағында орналасады. Осы мақсат үшін жер телімі белгіленді. Кәсіпорын өнімдері ішкі нарыққа және Орталық Азия елдеріне экспортқа шығаруға бағытталған. Жоба құны – 70 миллион еуро, 300 жаңа жұмыс орны ашылады. Өндіріске қажетті негізгі бес компоненттің үшеуі Қызылорда облысының өзінен қамтамасыз етіледі.

Rosa Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рока компания Қазақстанды өңірдегі бизнесті дамытудың стратегиялық алаңы ретінде қарастыратынын атап өтті. Бүгінде Rosa Group саладағы әлемдік көшбасшылардың бірі саналады. Компанияның 78 зауыты, 20 мыңнан астам қызметкері бар.

– Қазақстан – Орталық Азиядағы жұмыс ауқымын кеңейту үшін қисынды тандау. Біз елді бүкіл аймақ үшін тиімді жұмыс істей алатын өнеркәсіптік және логистикалық хаб ретінде қарастырамыз. Мұнда өндірісті дамытуға қолайлы жағдай жасалған және Қызылорда облысындағы жоба жергілікті экономиканың дамуына үлес қосып, халықаралық стратегиямыздың маңызды бөлігіне айналатынына сенімдіміз, – деді Сантьяго де Гомар Рока.

Кездесуде ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі және Rosa Group инвестициялық жобаны жүзеге асыру қағидаттары туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Бұл құжат – тараптардың санитарлық-техникалық бұйымдар өндіретін зауыт жобасын бірлесіп жүзеге асыруға ниетті екенінің ресми дәлелі.

Rosa Group компаниясымен ынтымақтастық бытыр желтоқсан айында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Испанияға жұмыс сапары барысында басталған болатын. Содан бері инвестормен бірлесіп, бірқатар нәтижелі жұмыс жүргізілді.

– Мемлекет басшысының инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында біз шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Rosa Group – санитарлық-техникалық бұйымдар өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Бүгін Қызылорда облысы үшін маңызды қадам жасалды, біз компаниямен өндірісті іске қосу жөніндегі негіздемелік келісімге қол қойдық. Аталған зауыт Орталық Азиядағы ірі жобалардың бірі болмақ. Ол ішкі нарықты отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – инвесторға қолайлы жағдай жасап, жобаны сапалы әрі уақытылы іске асыру, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Бұл бастама өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырумен қатар жаңа өндірістер құру арқылы тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға да мүмкіндік береді.

«ЖЖ» ақпарат

## Жоба

Ардақ Ибраимов, аудан әкімі:

## Әрбір жоба сапалы, уақытылы аяқталуы керек

Ауданға қарасты ауылдарға табан тіреген қонақтар Жалағаштың жолына қызыға қарайды. Шалғайдағы Аққыр, Жаңадария секілді елді мекендердің жолымен жүріп, тіпті қаладағы жол сапасымен салыстырып жатады. Шыны керек, соңғы жылдары ауданда жол сапасына айтарлықтай басымдық берілді. Әсіресе ауыл мен ауылды жалғайтын жолдар, елді мекендердегі ішкі көшелер жөндеуден өтіп, әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері оң шешімін табуда. Былтырдың өзінде аудандағы жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 5 жобаға қазынадан 1 млрд 293 млн теңге қаржы бөлінген. Нақтырақ тоқталсақ, Бұқарбай батыр, Аққұм, Есет батыр ауылдарының 17 көшесіне және М.Шәменов ауылының кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеу, Таң ауылындағы екі пәтерлі 10 тұрғын үйге кірме автомобиль жолын салу жұмыстары жүргізілді.

Жандос ЖАЗКЕН



Биыл да бұл бағытта жұмыс көп. Жақында Бұқарбай батыр ауылында жол жөндеу жұмыстары басталды. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов батыр атындағы ауылдағы жол жөндеу жұмыстары барысымен танысты.

Ауылдағы 11 көшені жөндеу жобасы аясында былтыр республикалық бюджеттен 50 млн теңге бөлініп, тиісті қаражатқа 2 көшеге асфальт төселді. Жоба 2025 жылға өтпелі. Биыл жобаны толық аяқтау мақсатында республикалық бюджеттен 294,4 млн теңге, аудандық бюджеттен 15 млн теңге қаржы қаралды. Қазіргі уақытта «Қыран» ЖШС мердігер мекеме арқылы құм аралас тас төсеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

– Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен ауылдардың инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы ауқымды жұмыстар жалғаса береді. Бұл – халық игілігі үшін жасалып жатқан іс. Сондықтан әр жұмыс сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс, – деді Ардақ Ибраимов.

Аудан әкімі жобаның орындалу барысын тұрақты бақылауда ұстай-

тынын айтып, жауапты сала басшыларына, ауылдық округ әкіміне және мердігерге нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын және жоба уақытында аяқталып, ел игілігіне берілуін қадағалауды тапсырды.

Былтыр мұндағы 5 көшеге «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жоба құны – 181 млн 592 мың теңге. Ал биыл 11 көшеге, атап айтсақ, Т.Үркімбаев, Н.Оспанқұлов, Ким Яков, П.Әлпейісов, С.Айтуаров, Ә.Досымбетов, Ә.Бердәулетов, С.Байқадамов, Қ.Сейтов атындағы көшелер күрделі жөндеуден өтпек. Жеңімпаз мердігер мекеме анықталып та қойған, қаржыландыру жұмыстары бітсе, жоба қолға алынбақ. Мұнан бөлек құны 170,2 млн теңгеге 16 көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлануда. Бұл жобаға да жобасметалық құжат әзірленген. Сондай-ақ ауыл тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету мақсатында биыл газ құбырын жүргізуге құжаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы бұл ауылда жұмыс қарқынды. Былтыр №33 орта мектепке «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 428,9 млн теңге қаржы бөлініп, күрделі жөндеуден өтті. Ал өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында 6,7 млн теңгеге Абай көшесіне темір шарбақ орнатылып, 1,2 млн теңгеге құл-қоқыс жоюға арналған полигон қоршалып, бейнебақылау камералары орнатылған.

Ерекше айта кететін жайт, демеушілер есебінен атқарылып жатқан жаңа жобалар қатары да жетерлік. Мәселен, ауылдағы «Жаңару» ФҚ-ның қолдауымен Ким Яков көшесіне 2 млн теңгеге тас төсеу жұмыстары жүргізілген. Былтыр «Мелиоратор» және «Байтабын» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен ауылда балалар ойын алаңы мен ипподром бой көтерген. Сондай-ақ «Мелиоратор» ЖШС-ның жеке қаражаты есебінен 10 млн теңгеге Бұқарбай батыр атындағы мешітке жөндеу жұмыстары жасалған.

Айта кетейік, биыл ауданның жол саласын дамытуға қазынадан жалпы құны 1 млрд 731 млн теңге қаралған. Тиісті қаражатқа 24,6 шақырымды құ-

райтын автомобиль жолдары және ішкі көшелер жөндеуден өтпек. Тарқатып айтсақ, 2,3 шақырымды құрайтын «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көпелі» аудандық маңызы бар автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мұнан бөлек «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 22,3 шақырымды құрайтын Жалағаш кенті мен 5 елді мекенде 35 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде Жалағаш кентіндегі 11 ішкі көше күрделі жөндеуден өтеді. Олардың қатарында М.Байтөреев, Бұқарбай батыр, А.Ізтелеуова, Б.Алтынбаев, А.Байсопақов, С.Сейфуллин, М.Мәметова, Шоңбай ақын, Ә.Молдағұлова көшелері бар.

Мұндай ауқымды жұмыстар ауылдық елді мекендерде де жалғасын таппақ. Мәселен, Мерәлі Шәменов ауылында 2, Аққырда 5 көше күрделі жөндеуден өтеді. Ал шалғайдағы Жаңадарияда 3 көшенің сапасына мән беріледі. Ал Еңбек ауылындағы 3 көшеге де тиісті жұмыстар жасалмақ. Қаракеткен мен Далдабай ауылдарындағы 16 көшені күрделі жөндеу де биылғы жылдың өншісінде.

## Нәтиже



## 100 жұмыс орны ашылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген «Еліміз бұл қиындықтан шыңдалып шығады» атты сұхбатында жұмыссыздық мәселесіне ерекше екіпін берді. «Ең маңызды мәселе – ауылдағы жастарға жағдай жасап, оларды жұмыспен қамтамасыз ету. Әйтпесе бақылаусыз миграция мен урбанизацияға ұшырап, соның салдарынан күрделі әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуімізге тура келуі мүмкін. Міне, біз осындай қиыншылықтарды көре бастадық. Әсіресе бұл ірі қалаларда байқалуда. Осы мәселелер мемлекеттік органдардың ұдайы назарында болуы керек» деді Президент.

Жалғасы 2-бетте

## 100 жұмыс орны ашылады



Елімізде еңбек нарығын цифрландыру, жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын реформалау, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту және тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылуда. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биыл «Жұмысшы мамандықтары» жылы деп жариялануы да тегін емес.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мамандарының мәліметінше, былтыр халықты жұмыспен қамту мақсатында облыс әкімімен «2024 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы»

бекітілген. Аталған жол картасы аясында 46 475 жұмыс орнын ашу жоспарланса, нәтижесінде 49 307 жұмыс орны ашылып, жоспар 106,1 пайызға орындалған. Ашылған жұмыс орындарының 64,1 пайызы жаңа жұмыс орындарының үлесін құрайды.

Нақтырақ айтсақ, аймақта Ұлттық жобалар аясында 3 458 жұмыс орны ашылып, жоспардың орындалуы 106,1 пайызды құраса, бос жұмыс орындары бағыты бойынша жоспар 116,6 пайызға жеткен. Сондай-ақ Президенттің тапсырмасына сәйкес «10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру» қағидаты шеңберінде облыста 10 655 жұмыс орны құрылуы керек болса, нәтижесінде 11

870 жұмыс орны ашылған. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады. Яғни 44 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, облыста жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға төмендейді деген болжам бар.

Айта кетейік, былтыр аймақтағы 33 759 азаматқа атаулы әлеуметтік көмек төленген. Ал әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 32 901 мүгедектігі бар адам оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етіліп отыр. Соңғы жылдары аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыру және жұмыссыздықты азайту, яғни жұмыссыздарды тұрақты жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, уақытша жұмыс орындарын ашу секілді ау-

қымды жұмыстар атқарылуда. Нәтиже де жоқ емес, алайда жергілікті билік бұл көрсеткіштерге тоқмейілсімей, жүйелі жұмыстарды жалғастырмақ.

Өткен аптада аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте де облыс әкімдігімен бекітілген өңірлік жұмыспен қамту картасының негізгі бағыттары талқыланды. Жиында 2025 жылға арналған аудан бойынша жаңа жұмыс орнын құру міндеті қойылғаны атап өтілді. Бұл көрсеткіш 10 мың адамға шаққанда 100 жұмыс орнын ашу тапсырмасының аясында жүзеге аспақ.

— Жоспарланған жұмыстар уақытылы әрі сапалы орындалуы тиіс. Бұл бағытта барлық салалық бөлімдер нақты нәтижеге жұмыс істеуі қажет, — деді А.Ибраимов.

Аудан әкімі жауапты сала басшыларына бекітілген жоспарды орындау бойынша нақты тапсырмалар беріп, жұмыстың жүйелі түрде үйлестірілуі қажеттігін ескертті.

Айта кетейік, 2023 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары сәтті жүзеге асырылып келеді. Ұлттық жобаның арқасында кентте, ауылдық елді мекендерде көптеген кәсіп ашылды. Сол арқылы жұмыссыз тұрғындарға екі қолға бір күрек табылды. Мәселен, былтыр шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 972-ге жетіп, бүгінде оның 2 839 субъектісі немесе 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ қаржы институттары арқылы аудан кәсіпкерлері ұсынған 325 жоба 5 млрд 132 млн теңгеге қаржыландырылып, 176 жаңа жұмыс орны ашылды.

Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС-ның жалпы құны 422 млн теңгеге «Өндірістік база» цехының құрылысы жүргізілуде, жақын уақытта іске қосу жоспарлануда. Цех мақсарыдан май, жүгеріден ұн және күріштен кеспе өнімдерін шығаруды қолға алмақ. Бастысы, өндіріс арқылы 22 жұмыс орны ашылады.

Ж.АРЫН

Басы 1-бетте

## Құқық



## Тұрмыстық зорлық-зомбылық 42,2 пайызға қысқарған

Елімізде алғаш рет ішкі істер органдарының отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшесі құрылды. Бөлімшенің басты ерекшелігі мұндағы қызметкерлердің басым бөлігі әйел адамдардан құралған. Бастама өз кезегінде зардап шегушілердің әйел қызметкерлерге оқиғаның мән-жайын ұялмай ашып айтуына, яғни сенім факторына ықпал етеді.

ПД Жергілікті полиция қызметі басқарма қызметкерлерінің айтуынша, биыл сәуір айында облыс әкімінің қолдауымен бөлімге бөлек ғимарат беріліп, отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы ашылған. Орталықтың негізгі мақсаты — отбасылық-тұрмыстық саласында құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды азайтып, отбасын сақтап қалу мақсатында отбасы мүшелеріне психологиялық-әлеуметтік, құқықтық тегін көшенді көмек көрсету. Әйелдер мен балаларға қатысты жасалатын қылмыстың санын азайту және жәбірленушілердің полицияға деген сенімін арттыру, сонымен қатар полиция заң аясында қолдауға, қорғауға әрқашанда дайын екенін түсіндіру.

Жалпы орталық 10 кабинетпен жабдықталған. Оның ішінде тергеу, ювеналды полиция, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы, сот орындаушылар, заңгер, психолог, теолог, еріктілер, медиатор және әлеуметтік қызметкерлер бар. Бұл жерде тек отбасылық-тұрмыстық саласындағы мәселе ғана емес, сонымен қатар алимент өндіру, дінаралық қарама-қайшылықтар да шешімін табады. Бөлімше мамандары жәбірленушілерді қорғап қана қоймай, құқық бұзушыларды қайта әлеуметтендіруден де айналысады. Агрессорларға мәжбүрлеп психологиялық көмек көрсету жүйесі және әлеуетті құқық бұзушылармен жұмыс енгізілген.

Жүйелі жұмыстардың арқасында аймақта жыл басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы өтініштер саны 42,2 пайызға қысқарған. Әрине, бұл қорғау шараларының тиімділігінің арқаның көрсетеді. Сондай-ақ 5-15 маусым аралығында облыста «Отбасы» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Іс-шара бойынша ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне алынған 467 адам тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріліп, олармен профилактикалық өңгімелер жүргізілген.

Ұлбосын АХМЕТОВА,

Жалағаш АПБ ЖПБҚ-ның отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы

## Брифинг

## Санақ қалай жүреді?

Елімізде биыл 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізіледі. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық статистика бөлімінің басшысы Азамат Елеусінов осылай деді. Сондай-ақ ол бұл санақтың басты мақсатына қатысты журналистердің бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады.

— Ауыл шаруашылығы санағы — еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет. Санақ жүргізу және оның мер-

Қазақстанда санақтың бұл түрі 2006-2007 жылдары ғана жүргізілген. Арадағы үзілісті мамандар көшегі коронавирус дертінің өршуімен байланыстырды. Содан бері арада үлкен үзіліс болды. Ол кезде ауыл шаруашылық санағы екі кезең бойынша жүргізілді, яғни өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы. Ал биыл барлығы бір мезетте өтеді.

Ауыл шаруашылығы санағына кімдер қатысады? Көшегі брифингте

сайт санақ жұмысымен танысу үшін жұмыс істеп тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары, барлығы порталдағы санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңба, QR-код немесе СМС ха-



мер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдастырылған нысандары сауалнамадан сайтта өз бетінше өтуі тиіс. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызметі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен байланысы барлар санаққа қатысуға міндетті. Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жаңадан интернет арқылы жауап беретін [sanaq-myra](#) виртуалды көмекшісіне жүгіне алады. Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюросының байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде тәулік бойы аптасына жеті күн қабылданады. Екінші кезең, интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы. Ол 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазан аралығында өтеді, — деді Азамат Елеусінов.

Нәтижесінде араға 20 күн қалдырып отыр? Өйткені сала мамандарына сауалнаманы өз бетінше аяқтағандарды ескере отырып, үй шаруашылықтарының тізімдерін қалыптастыру үшін қосымша уақыт қажет. Осылайша санақ респонденттердің барлық санаттарын қамтиды және акпарат жинаудың барынша толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Санақ барысында Жалағаш ауданы бойынша барлығы 6200-ден аса үй шаруашылығын және 1500-ге жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамту жоспары бар.

Санақ қызметкерлері барлық респондентті қамтуға міндетті. Қатысудан бас тартқан жағдайда ҚР заңнамасына сәйкес өкімшілік жауапкершілік көзделген. Яғни өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 497-бабында көрсетілгендей, «Бастапқы статистикалық деректерді беру тәртібін бұзу» бойынша жеке тұлғаларға 10 АЕК, заңды тұлғаларға айыппұл-кәсіпкерлік субъектісінің

мөлшеріне байланысты 14-тен 120 АЕК-ге дейін айыппұл көзделген. Ұлттық санақтар барысында алынған мәліметтер бастапқы статистикалық деректерге жатады және міндетті түрде өтеусіз негізде ұсынылады. — Біздің интервьюерлердің атрибуттары — бейсболка, жамылғы, ауыл шаруашылық санағының символикасы бар портфель, планшет және QR коды бар куәлік. Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені бұл — жай статистикалық шара емес, барлық азаматтарды қамтитын мемлекеттік маңызы бар іс, — дейді спикер.

Сауалнамаларда қандай сұрақтар болады? Заңды тұлғалар үшін сұрақтар жер және егіс алқаптары, мал басы, ауыл шаруашылығы техникасы және инфрақұрылымға байланысты жалпы 28 сұрақ болады. Сондай-ақ респонденттерден олардың қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұралады. Үй шаруашылықтарында жер аумағы туралы сұралады. Олар маусымдық немесе көпжылдық дақылдар еге ме? Мал немесе құс ұстай ма? Оларды жайылымға шығара ма? Осындай мәйлінше қысқа әрі нұсқа 20 сауалнама болады.

Азамат Елеусінов Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің құпиялығына және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беретінін айтады. Сандар респонденттің бастапқы деректерін көрсетпей-ақ жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Сауалнама парағын толтыру кезінде респондент мемлекеттік деректер базасында деректерді жаңарту үшін алынған деректерді ұсынуға келісім бере алады. Мәселен, мал, техниканың, жер учаскесінің болуы және басқа да мәліметтер туралы.

Санақ жүргізу үшін жұмыссыз азаматтар мен студенттер қатарынан, сондай-ақ барлық ниет білдірген азамат санатынан 12 адамды интервьюер ретінде жұмысқа тартуды жоспарда бар. Оларды оқыту бюросының дата Литраси хаб ([data Literacy Hub](#)) платформасында ұйымдастырылған, онда қатысушыларға әртүрлі оқу материалдары, яғни мәтіндік құжаттар, бейнероликтер және бейнеспидтар қолжетімді. Оқу аяқталғаннан кейін барлық қатысушы білімі мен жұмысқа дайындығын растау үшін міндетті тестілеуден өтуі керек. Бұл тәсіл санақ жүргізудің жоғары сапасын және жиналған деректердің дәлдігін қамтамасыз етеді. Спикер қазірдің өзінде қызметкерлерді қабілдау науқанын жүріп жатқанын айтады. Интервьюер ретінде санаққа қатысқысы келетіндердің барлығы 1446 байланыс орталығына өтініш қалдыра алады.

Айта кетейік, Ұлттық статистика бюросы «Қазпошта» АҚ-мен меморандумға отырған. Онда ауыл шаруашылығы санағына интервьюер ретінде пошташыларды тарту мүмкіндігін қарастырылған. Барлық кезең аяқталғасын желтоқсанда санақтың алдын ала нәтижелері жарияланады. Соңғы жиынтық деректер мен аналитикалық есептер Ұлттық статистика бюросының сайтында көпшілікке 2026 жылы ұсынылады.

— Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы — Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз, — дейді Азамат Елеусінов.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



зімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалған, — деді ол.

Спикердің сөзіне сенсек, санаққа дайындық жұмыстары 1,5 жыл бұрын басталған. Үкімет деңгейінде арнайы комиссия да құрылыпты. Осында уақытта қажетті нормативтік-құқықтық актілер бекітілген. Жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар жұмылдырылған.

Негізі БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауыл шаруашылығы санағы әр бес-он жыл сайын жүргізілуі тиіс. Бірақ

БАҚ өкілдерінің бұл сауалы да жауапсыз қалмады. Біріншіден, бұған мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер кіреді. Екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар немесе мал ұстайтын үй шаруашылықтары жатады. Тарқатып айтсақ, бұған бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретіндер жатады.

Бөлім басшысы санақтың негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығын қамтитынын айтады. Ол онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді. Алдымен 1-31 тамыз аралығында [sanaq.gov.kz](#) сайтында онлайн сауалнама жүргізіледі. Бүгінде

барлама арқылы авторизациядан өтуі қажет. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Респондент көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларды өзектендіре алады. Респондент толтырылған деректерін сақтап қойып, үзілістен кейін сол сауалнаманы толтыруды жалғастыра алады. Сауалнамадан өтіп біткеннен кейін респондент электрондық поштаға санақтан өткені туралы хабарлама алады.

— Санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы қылу үшін жергілікті өкім аппараттарымен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады. Заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен шаруа-фер-

## Таным

### Ағаның аманаты

Менің туған ағам Жақсылық Майлыбаев 1934 жылы №16 ауыл, яғни Жаңаталап колхозында туған. Жаңаталап, Мақпалкөл мектептерінде оқыған. 1951-1955 жылдары Қызылордадағы Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде оқып, оны қызыл дипломмен бітірген. Арнайы жолдамамен Жалағаш ауданындағы «Мақпалкөл» орта мектебінде әдебиеттен сабақ берген. 1955-1995 жылдары аралығында ауданның бірнеше мектебінде ұстаздық қызметін абыроймен атқарды. Аудан орталығындағы №150 кәсіптік-техникалық училищеде директордың орынбасары, №246 орта мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, жергілікті дәрежедегі зейнеткерлікке шықты. 1968-1969 жылдары Жалағаш аудандық газетінде тілші қызметін атқарған.

Оның ұзақ жылы ұстаздық қызметі бағаланып, бірнеше медальмен марапатталды. Жазан дүниелері жинақталып, 2018 жылы «Ааайындылардың еңбек шежіресі» атты кітапқа шықты.

Жәкеннің алдын көрген шәкірттері Темірше Сарыбаев, Махмұтбай Әміреев республикаға белгілі ақын болды. Бірде ақын Темірше Сарыбаевтың өңіме үстінде «Менің осы деңгейге жетіуім сенің аға Жақсылық Майлыбаевтың арқасы» дегені бар.

Жақсылық Майлыбаев 2020 жылы 20 шілдөде бүкіл елге жайылған індеттен ауырып, өмірден өтіп, №7 бөлімтегі Қалжан ахун қорымына қойылып, Жақсылық аға жайлы республикалық «Жеті жұрт», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», облыстық «Сыр бойы» газетінде естелік мақалалар жарияланды. Әнші, сазгер Талағатқан Ысқақов өзінің «Жақсылық көкеме» атты арнау өлеңін шыарды.

Мақаламның тақырыбын «Ағаның аманаты» деп атауымда үлкен мән бар. Ұмытпасам 2015 жылы маған жазып жіберген түп нағашылары жайлы жазбасын кезінде таба алмай, «Тойқожа батыр әулеті» кітабына еңбегі қалған еді. Бүгін нағашылары жайлы жазбасын өзі туып өскен жеріндегі аудандық газетке ұсынып отырмын.

**Тынышбек Дайрабай, зерттеуші, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері,**

Балаларының қарсылығына қарамай Шыңжырбай көруеңбасы қызын Бекбергөнге қосқан. Нағашы атамның және үлкен әкеміздің көзі болыпты. Бір-бірінің үйіне барғанда бір нәрсені көрсетіп алып барып, назарын аударды екен. Солардан ауысты ма, әкем Майлыбайдың көзі болды. Жеңгелері «Жаманкөз» деп атайтын.

Шыңжырбай, оның әкесі Келдібай бидің есімдері жазбаша деректерде жазылған. Тіпті балалары Махамбет, Еспембеттердің есімдері де бар. Шыңжырбай бабадан Рысқұл Махамбет, Еспембет, Қосмамбет, Әлмахан тарайды. 1902 жылғы архивтік жазбада Еспембет Шыңжырбаевтың есімі кездеседі. Ол деректерде оның жасының 37-де екені, Дуанбекқызы Айтбекенің қазасына байланысты күелік бергені айтылады. Қосмамбет, Әлмахандар өртерек қайтыс болған ұрпақтары жоқ.

Рысқұл 1838-1850, Махамбет 1852-1853, Еспембет 1865 жылы туған. Махамбет Шыңжырбаевтың есімі 1868 жылғы түтін пұл жинау дерегінде жүр.

Махамбеттің үлкені Мәтігүл өте аңқау кісі болыпты. Ол туралы небір өңгімелер айтылады. Соның бірінде інісі Сырлыбай жол жүріп бара жатып, Матекене



«қақпандарды басқа жерге аударып қорсыз» депті. Қақпанды Мәтігүл төңкеріп құрыпты. Шамалы жерден өз ауылын таба алмай қалатын кісі болған деседі. Мәтігүлдың қызы Зылиқа алай саңырау, кейін ол Нұрасылмен қосылған. Олардан Тұрсымұрат және т.б. ұрпақтар өрбіген.

Жалпы Махамбеттен Мәтігүл, Асан, Өткелбай, Балбек, Оңай, Пәтима, Сұфрат, Сырлыбай туады. Асан, Өткелбай, Сырлыбайлар колхоз құрылысына араласқан. Сырекен 1886 жылы туып, 1943 жылы өмірден өтіп, Тоқсанбай қорымына жерленген. Асаннан Жүсіпбек 1917 жылы туған, 1939 жылы майданға алынып, соғыстан оралмаған.

Сырлыбайдан Бану, Күзембай, Зейне, Сауар, Қорғанбектер өмірге келген. Сырлыбайдың балаларының бәрімен қатынастық. Бірге тұрдық десе де болады. Бірде Сырлыбаймен Өскімбай Қарақұм ба, Қызылқұм ба белгісіз, сонда Сырлыбай Өскімбайды алдап, алдымен соның алып шыққан тамағын жеп, өзіне келгенде Өсекеңе бермей ренжітеді. Сонда назыққанған Өскімбайды түнде түсінде көріп, аздаң Сырлықең ағасынан көшіріп сұрап, бас урған көрінеді. Сырлыбайдың әйелі Балқұсын әжені көріп естік, төңтектөу кісі болатын. Емшілігі де бар еді. Балқұсын – Құлыс кете Байтілеу молданың қызы. Басы Бану болып келетін Сантайды ұрып соғатын. Сонда да олар бір қарсылық көрсетпейтін, күліп жүре беретін. Жарықтық бұрынғының адамдары десеңізші. Бану аға көп жыл Жаңаталап колхозында басшылық қызметті абыроймен атқарды. Раушан 1939 жылы дүниеден озды.

Махамбеттің бір баласының аты – Өткелбай, одан Әмірзақ тарайды. Ол 1936 жылы Бозарықта туған. Махамбетқызы Балбек апа Сарыбай Сәукенге тиген. Әмірзақ Балбек апа мен Асанның әйелі Дәме әжемен бірге тұрды. Сондықтан тегі Сәукенов, болмаса әкесінің аты – Өткелбай, Балбек апаның көзі көрмесе де көкірегі ояу кісі еді. Балбек апа мен Дәме әжема Мақпалкөлде өмірден өтті. Өткелбайдың әйелі Кешім Жұбанқызы 1938 жылы қайтыс болып, Тоқсанбай қорымында жерленді. Дәме Құттыбайқызы Ойық Керейтің қызы болатын.

Шыңжырбай балаларының ішінде билігі мен байлығы артқаны – Еспембет. Ол кісіні «күйік шеке» деп атайды екен. Еспембет бабадан Ибайділла, Назар, Базар, Балаш, Күлеш, Дәлей, тарайды. Ибайділла 1906 жылы №16 ауылда туған. 1941 жылы соғысқа алынып, 1944 жылдан хабар-ошарсыз кеткен. Еспембет атаның Дәлей атты қызынан Сәдуақас атты ұлы және олардың балалары болды. Қалған ұл-қыздарынан ұрпақ болған ба, жоқ па белгісіз. Ибайділла біздің үйден майданға кеткен еді.

Еспембет төңтектөу кісі болса керек, інілері мен балаларының ретсіз үйге

кіруіне тыйым салыпты және өзі төменде отырады екен. Туған жиендері болып табылатын біздің әкелеріміз Дайрабай, Майлыбайларға күш көрсеткен, оны әкелеріміз айтып отыратын. Сол кісі 1930 жылдың шілде айында қатты науқастанып, (қызылда) Дайрабайға хабар жіберіп, өзін аманаттаған. Сөйтіп беліндегі күмістелген денбег белбеуін «көзі тірісінде саған беремін, өртенгі күні ана жамандардың не істейтінін білмеймін ғой» деген екен. Сол нағашысын арлап жерлеген Дайрабай Бекбергөнгүлі болатын.

Бірді айтып, бірге кетеміз ғой. Сырлыбай баласы Бану Махамбетов бірде әкем Майлыбайдың өзінің қойын сойып жатқанын көріп «Маке, мынау біздің қой-ау» деп күліп жүре беріпті. Не деген адамгершілік.

Еспембет біз бірде інілері және балаларын жинап «Бұларды қаратамыр деп атасандар, мен көрде тыныш жатпаймын» деп ұрпақтарына өсиет қалдырған. Сондықтан біз, Бекбергөн әулетінің Тойқожа батырдың Бәймембетінен тараған ұрпақтарымыз қатынасы өте жақсы болды. Бүгінге дейін араласып тұрамыз.

Тағы бір нағашымыз Бәйткі, Тоғанас, Бодаш батырлар болып келеді. Басы Басар Бодашұлы, Жарылқап Ерманұлы, Әлім және Өскімбай, Мүйтен Бодашұлыдары. Басар кезінде ауылның болған, 1874 жылы туып, арық қазып, елді отырықшылыққа бастаған. 1930-1931 жылдары Тәжікстанда өмірден өткен. Басардан Омар, Шәймерден, Күрші туған. Омар №16 ауылда 1917 жылы өмірге келді. 1939 жылы әскерге алынған. Содан бері хабар-ошарсыз. Күрші Мәдениет ауылының жігітімен тұрмыс құрған ұрпақтары бар. Ал Шәймардан Басарұлы 1942 жылы Тәжікстанның Қорғантебесінен соғысқа алынған. Аманес майданнан оралған. Туған жері №16 ауыл, яғни Жаңаталап совхозына 1963-1964 жылдары оралып, Мақпалкөлдегі қорымға жерленген. Ол кісі бір жағынан нағашылы-жиен болып келеді. 1912 жылы туып, 1985 жылы өмірден өтті. Ұл-қызы бар. Омар – арабша оқыған, біз көрген ғұламалардың бірі.

Басардың ағасы Әлім палуан болған екен. Бірде Қазалы мен Ырғыз арасында үлкен аста атақты Қанат палуанмен күресуді. Тойды басқарушы Қалдан батыр күш беріп тұрады. Зрет қатарынан көтеріп жүре тастайды. Соңғысына оңбай құлаған Қанаттың басынан Әлім аттапты. Сонда назаланған Қанат Әлімді қорғапты. Содан ба, көп ұзамай Әлім қайтыс болады. Әлімнен қалған жалғыз көз Хадиса Сойырқас кете Әбішке узатылады. Онан біздің шешеміз Жеміла, нағашым Үәлібек өмірге келеді. Үәлібек Әбішев 1912 жылы туған. 1942 жылы Бану Махамбетов, Ақатай Рахметовтермен бірге Ленинград майданындағы ұрысқа қатысқан. 1943 жылдың мамыр айынан

хабарсыз кеткен. Сондықтан біз оларды нағашы деп атаймыз. Екінші жағынан Бодашұлы Ерманның әйелі Жаңыл Бекбергөн атамыздың туған қарындасы. Жаңылдан туған Жарылқап, оның балалары Әбдібай, Өмірлер бір жағынан жиен болып келеді. Жарылқаптың інісі жас шағында қайтыс болды.

Бодаштан тараған Нұрпейістен ұрпақ жоқ. Жарылқаптың әйелінің аты Құрманай Кенжеғұлқызы, Кетенің Кәнісбет. Жәкеннің ұлдарынан басқа Күнімай, Күлей атты қыздары да болды.

Батыр атанған Өскімбайды көзіміз көрді. Өте ұзын бойлы, ірі кісі болатын. Өте аңқау еді. Үнемі «Әзіреталланың» күшін көрсетемін деуші еді. Талай рет алданғанымыз да болды. Өсекең 1870-1879 жылдары туған, 1965 жылы қайтыс болды, ешнәрседен қорықпайтын.

Көзі дұрыс көрмесе де қызылда отырған Әлімбет байға барып, мал-пұл алмақшы болады (1954-1955 ж.). Астындағы көк есегі сексеуіл арасында отырған бай үйін қалай тапқаны бізге әлі күнге белгісіз. Сол сапарында бір-екі қой, текемет басуға қажетті жүн алып келгенін көрдік. Өсекеңнің көптеген кісі таңғаларлықтай еді. Өскімбай батырдың әйелі (керейт руынан) Мамыққа, кейін келіні Балдайға үйленген. Ұлдары Жұмабай мен Әлішер, олар Балдайдан туған.

Өскімбайдың туған інісі Мүйтен болатын. Мүйтеннен Зібайда, Тәжігүл, Оспан тарайды. Балдай қаратамыр руының қызы. Мамықты әже, Балдайды апа деп атайтын едік. Ол кісі 1882 жылы туып, 1937-1938 жылдары дүниеден озған сияқты. Бәрінен де ұрпақтар жалғасқан.

Мүйтен бірде асқа келсе, Жәрімбет Сарғасқа Шотық оның мініп келген түсісін, менің деп жармаасыпты. Шотық Құра, Жүргеновке арызын айтады. Туыстығы уастанды ма, «атаңа нәлет» деп Мүйтенге ат үстінде ұтылыпты. Сонда аттан құлап, бұғана қабырғасы сынған Құра Шотыққа қарап «Мені батыр әуауына қарсы қойдың» деп Шотықты сөгеді.

Нағашыларымыз бен жиендеріміз арасында талай қызық өңгімелер баршылық. Бұл соның бір парасы еді. Жиендердің үлкені Әйімке апа (Әуен апаның қызы) бірге ойнап жүрген Күзембай Сырлыбай баласының көзіне жабықтан ине сұғып алыпты. Сондай-ақ балалардың үлкені болғандықтан әкелеріміз Әйімкеге «балалар ешқайда кетіп қалмасын» деп тапсырады. Сонда апамыз үлкені Райханнан бастап барлығын көгендеп тастапты. Балалық қой.

Меніміз түп нағашылардан кісілігі мол Бану мен Шәймерденді, жиендерден Өбен Тоғызбаевты атар едім. Сондай-ақ нағашыларым Күнзинеп, Бибіқайша, Бердалылар да бізбен жақсы араласты.

**Жақсылық МАЙЛЫБАЕВ, зейнеткер**

## Сақтансаң, сақтайды

# Суға түсу кезінде де сақтық керек

Жаз мезгілінде суға шомылу – ең сүйікті демалыс түрінің бірі. Алайда су досыңыз да, жауыңыз да екенін қаперден шығармаңыз. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін сақтау әр адамның өмірі үшін маңызды.



Тек рұқсат етілген, арнайы жабдықталған жағажайларда шомылыңыз. Балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Мас күйде суға түспеңіз. Белгіленген аумақтан аспаңыз. Ауа райы қолайсыз болса, суға шомылудан бас тартыңыз. Қатты шаршап, аш немесе тоқ асқазанмен суға түспеңіз. Қауіп төнген жағдайда 112 нөміріне хабарласыңыз.

Суға түсуде жауапкершілікті бірінші орынға қою керек. Қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы өз өміріңізді және жақындарыңыздың өмірін қорғайсыз.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

## Жалағаш кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысы хаттамасының үзіндісі

**Жалағаш кенті №1 10.06.2025 жыл**

Жалағаш кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш кентіндегі келесі көше атаулары осы тұлғалардың есімдерімен атауға:  
- Жалағаш кенті «Наурыз» учаскесіндегі 1-көше – Ахметов Сәрсенбай есімімен;  
- Жалағаш кенті «Наурыз» учаскесіндегі 2-көше – Әбдікәрімов Исатай есімімен;  
- Жалағаш кентіндегі «Жаңа көше» – Тоқбосынов Жұбатыр Тоқбосынұлының есімімен атауға келісім берілсін.

2. Шешім кент әкіміне жолданыс.

**Төрағасы**

**М.Тұрғанов**

**Хатшысы**

**Б.Жүргенбаев**

## Жылдар өтті өзіңсіз

Ардақты досымыз Талғат Төуекеловпен 1975-1985 жылдары №31 орта мектепте бірге оқыдық. Иә, Талғаттың ғұмыры қысқа болды. 1987 жылы, яғни араға екі жыл салып, асыл досымыздан айырылып қаламыз деп ойлаған жоқпыз. Бірақ тағдырдың басқа салғаны осы болды. Небәрі 19 жасында ол бақиға бет түзеді.

Содан бері 40 жылға жуық уақыт өтті. Бірақ сол досқа деген сағыныш әлі басылған емес. Өйткені Талғат Төуекелов жастайынан алғыр, досқа адал адамгершілігі мол азамат болды. Өкінішке орай сол асыл азамат бүгінде ортамызда жоқ.

Кеше №31 орта мектептің 1985 жылғы түлектері 40 жылдық кеш ұйымдастырды. Сонда арамызда жоқ сыныптас достарымызды еске алып, рухына құран бағыштадық. Әсіресе сол кеште Талғат досымыз жайлы көп естеліктер айтылды. Бірақ өткен шапқын қимас досың заңды сөз сөйлеу ауыр екен. Амап қанша, бұл да тағдырдың сынағы ғой. Тек досымызды еске алдық, рухына құран бағыштадық. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, асыл дос.

Бір өзін деп бастағанды жыр басың. Сен біз үшін биіксің һәм шыңдасың. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе, Жатқан жерің жайлы болсын, құрдасым.

**Еске алушылар №31 мектеп 10 «б» сыныптың 1985 жылғы түлектері**



## Жұмақ болсын мекенің

Қанша уақыт өтсе де, мектепте бірге оқып, күліп-ойнап өскен сыныптас достарыңды сағындай екенсің. Біз 1985 жылдың түлектеріміз. Мектеп бітіргенің әрқайсысымыз әр салада еңбек еттік. Өкінішке орай олардың ішінде дүниеден өткен достарымыз да бар. Солардың бірі – Мәулен Ерманов.

2002 жылдың 2 қаңтарында сыныптас досымыз Мәулен Ерманов дүниеден өтті. Бұл қайғылы жағдай бізге оңай тиген жоқ. Себебі сыныптасымыз ортада көпшілігіміз, ізеттілігіміз дара еді. Амап қанша, басқа салған сынаққа сабыр қылдық. Бірақ Мәулен досымыз жайлы өткен шапқын естеліктер айту өлі де жанға батады.

Иә, ол аз ғана ғұмыр кешті. Бірақ сол саналы ғұмырында өзінің достыққа адалдығын, жаны таза азамат екенін дәлелдеп кетті. Мектеп бітіргенімізге 40 жыл өтсе де, оның жарқын бейнесі, адамгершілігі әлі күнге дейін көз алдымызда. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ардақты дос. Сен біздің жадымызда мәңгілік сақталасың.

Мәңгі не бар бұл өмірде осынау, Керек дейміз қиналғанда жасаймау. Бағын жоқ мына жалған өмірден, Сен де ерте кете бардың досым-ау.

**Еске алушылар №31 мектеп 10 «б» сыныптың 1985 жылғы түлектері**



## Сағындық құрбым, өзінді

Зымырап жатқан уақыт деген осы, мектеп қабырғасында сыныптастарым күліп-ойнап жүргеніміз кеше ғана сияқты еді. Бүгінде біздің де алтын ұямызбен қоштасқанымызға 40 жыл болыпты. Кешегі 40 жылдық кешімізде өткенге көз жүгіртіп, дүниеден өткен сыныптас достарымызды еске алып, рухына құран бағыштадық. Сыныптас құрбымыз Нұржамал Өтепова тірі болғанда дәл осы кунжышты сәтіміді бірге атап өтетін едік.

Ол жастайынан көпші әрі оқуда озат болды. Кент орталығындағы №31 орта мектепте ауылы құрбымызбен бірге 1975-1985 жылдары білім алдық. Қазір асыл құрбымыздың бойынан табылған жақсы қасиеттерді тізе берсек, бір еңбекке жүк болары анық.

1995 жылдың 6 шілдесі біз үшін ауыр күн болды. Дәл осы күні ауылы құрбымыз Нұржамал Өтепова небәрі 28 жасында бақиға бет түзеді. Одан бері қаншама уақыт өтсе де досқа деген сағыныш басылған емес. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амап бар дейсіз. Біздің қопымыздан келетіні – ауылы құрбымызды сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштау. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ауылы құрбым.

Сағынамыз, жоқ басқаша бізде амап. Құрбыларың саған арнап жыр жазар. Жадымызда сақталасың мәңгілік, Сені ешқашан ұмытпаймыз, Нұржамал.

**Еске алушылар №31 мектеп 10 «б» сыныптың 1985 жылғы түлектері**



## ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ

**ЖОБА**

«Жалағаш ауданына бірінғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көптелері турғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қамдаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 наурыздың № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. «Жалағаш ауданына бірінғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көптелері турғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қамдаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 наурыздың № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 27359 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:  
тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын  
«Жалағаш ауданына бірінғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көптелері турғын үйлердің сыртқы

қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қамдаларын бекіту туралы»;

1-тармақта:  
«қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі» деген сөздер «сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен белгілген Жалағаш ауданына бірінғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көптелері турғын үйлердің сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қамдаларын»;

1-тармақ келесі мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін реконструкциялау – көптелері турғын үйді жанарту мен жаңарту қажеттігіне байланысты көптелері турғын үйдің конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын өзгерту жөніндегі іс-шаралар мен

заголовок изложить в новой редакции:  
«Об утверждении Правил организации и проведения мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика Жалағашскому району»;

в пункте 1:  
слова «по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли» заменить словами «по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, кровли»;

в Правилах организации и проведения мероприятий по текущему или капитальному ремонту фасадов, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика Жалағашскому району, утвержденных указанным постановлением:

заголовок изложить в новой редакции:  
«Правила организации и проведения мероприятий по реконструкции, текущему или капитальному ремонту наружных стен, кровли многоквартирных жилых домов, направленных на придание единого архитектурного облика Жалағашскому району»;

пункт 1 дополнить подпунктом 6-1) следующего содержания:  
«6-1) реконструкция общего имущества объекта кондоминиума – комплекс мероприятий и работ

жұмыстар көшенің»;

1, 12, 13, 14-тармақтарда:

9. Жұмыс көшенің түрін (реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі) деген сөздер «сыртқы қабырғаларын, шатырларын реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

«қасбеттерге, шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу» деген сө

# Киіктің киесі ұрмасын

Киік – ежелгі заманнан бері жер бетінде өмір сүріп келе жатқан киелі жануар. XIX ғасырда киік Еуропадағы Англиядан бастап, Шығыстағы Аляскаға дейін, Солтүстікте Новосібір аралдарынан бастап, Оңтүстікте Қазақстандағы Қаратау жотасына дейінгі кең аумақты мекендеген. Алайда адамдардың тоқтаусыз атуы салдарынан бүгінде киік тек Моңғолия мен Қазақстанның батысында ғана сақталып отыр. Кейде көктем-жаз мезгілінде олардың саны күрт өседі. Алайда киіктің кеңірек таралуы кейбір қоғам белсенділерінің, шаруалардың алаңдаушылығын тудырып отыр. Бұл мәселе Парламент қабырғасында көтерілді.

Жандос ЖАЗКЕН

#### Шаруалар дабыл қағуда

Екі мыңыншы жылдары жойылып кету алдында тұрған бұл тұз жануарларының саны кейінгі 8 жылда 12 есеге артқан. Осыдан екі жыл бұрын ғана көктемгі әуе санағында киіктердің саны 2 миллионға жуықтап, төлдегеннен кейін күзде 2,6 миллионға жетуі мүмкін деген болжам жасалған.

Қазір киіктің саны 5 миллионға жетті деген болжам бар. Олардың есімі фермерлер үшін қыруар шығын. Киіктер егінді таптап, тіпті жол-көлік апаттарына себепші болып жатыр. Мысалы, биыл көктемде кейбір өңірлерде киіктердің көбеюі нағыз апатқа айналды. Тек Ақмола облысының өзінде жүздеген мың гектар егістік тапталып, миллиардтаған теңге шығынға әкелген.

Ресми деректерге сүйенсек, 2023 жылы киіктер Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Ақтөбе және БҚО өңірлеріндегі 122 мың гектарға жуық егістік алқапқа залал келтіріп, шамамен 12 миллиард теңгеден астам шығынға ұшыратқан. Олар тек егінді ғана емес, мал бағатын жайылымды да таптап кететіні шаруалар үшін үлкен мәселеге айналып отыр.

«Салдарынан диқандар егісінсіз қала-тын болды, ал бұл азық-түлік қауіпсіздігін қатерге тігеді. Біздің шаруашылықта 20 мың гектар жер бар. Қазір 10 көлік пен мотоцикл 6 күннен бері киіктерді қуа алмай жүр» дейді шаруалар.

Былыр киіктерді ату уақытша тоқтаған. Енді депутаттар қайтадан қатаң шараларды қолға алуды ұсынып отыр. «Бұл нағыз соғыс, әріптестер. Экономикалық майдан. Біз бұл соғысқа қазір кірісуі керек. Киікті көлікпен қуалап емес, мылтықпен ату керек, арнайы сойып, халыққа тегін ет тарату керек» дейді Мәжіліс депутаты Павел Казанчев.

#### Киік аулау қыркүйекте қайта басталуы мүмкін

Сарапшылардың айтуынша, киік еті мен мүйізі арқылы Қазақстан жыл сайын 20 миллиард доллар табыс таба алады. Егер ғалымдар келісім берсе, киікті аулау жұмыстары қыркүйек айында қайта басталуы мүмкін.

Ауыл шаруашылығы министрлігі фермерлерге көмек көрсету бойынша жедел шөптар қырды, оларға 401 қызметкер және 202 техника тарту жоспарланған. Сонымен қатар жергілікті өкімдіктердің 122 орман шаруашылығының маманы атсалысқақ.

Қазақстандық зоокорғаушылар елде былытр киік ату науқаны басталғанда киіктер Батыс Қазақстан облысынан Ресей аумағына үдере көшкенін айтып, дабыл қақты. Табиғат жанашырларының сөзіне сүйенсек, киіктің санын реттеуде атудан бөлек те айла-шарғы-лар бар.

– Киік – миграция жасайтын жануардың түрі. Ресейге көшеді, қайта Қазақстан аумағына келеді. Жануарлар әлемі табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан, қазір оны ауласа, арты ешқандай жақсылыққа әкелмейді. Барлық нәрсенің негіздемесі болуы керек. Киіктерді аулау мәселесі бойынша көп нәрсе өлі түсініксіз. Көп мәселеде ашықтық жоқ. Халықаралық қорларда киіктер ауыл шаруашылығына шығын келтірсе, қаржы төлейді. Сондай мүмкіндіктер бар. Яғни қасқырды тоқ қылып, қойды аман қалдыратын жолдар бар. Сондай жолдарды табуды талап етеміз, – дейді зоокорғаушылар.

Қазақстанда ақбөкендерді аулауға 1990 жылдан бастап заң жүзінде тыйым салынып, қатаң мораторий енгізілген болатын. Сол уақыттан бері



Фото: ашық дереккөз

браконьерлікпен күрес және қорғау шаралары нәтижесінде киік саны тұрақтала бастады. Әсіресе екі мыңыншы жылдардың басында саны 21 мың басқа дейін құлдыраған киік популяциясы мемлекет қабылдаған бағдарламалардың арқасында қайта қалпына келді.

2005 жылы киікті сақтап қалу жөніндегі алғашқы ұлттық бағдарлама қабылданып, 2016 жылдан бастап үш нәзігі популяцияның саны жыл сайын өсіп отырды. 2015 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген белгісіз індеттен 200 мыңнан астам киік қырылып қалғанымен, оның арты популяцияның одан әрі өсуіне тосқауыл бола алмады. 2016-2023 жылдары мораторий кезінде Қазақстан әлемдегі киіктердің 90 пайыздан астамы мекен ететін қауіпсіз өңірге айналып шыға келді. Нәтижесінде 2003 жылы небәрі 21 мың бас болған ақбөкен саны 2023 жылы 1,9 миллионнан асып, Кеңес дәуіріндегі тарихи шектен де асып отыр.

Киік санының осылай рекордтық деңгейге жетуі Үкіметті жаңа шешімдер қабылдауға итермелейді. 2022-2023 жылдары фермерлер тарапынан «киіктерді көбейтіп жіберді» деп дабыл қағу күшейіп, тіпті сол кездегі экология министріне қатысты дау туындады.

#### Үкімет нақты шаралар қабылдамақ

2023 жылдың тамызында Үкімет ақыры киік популяциясын басқару және реттеу туралы арнайы қаулы қабылдады. Бұл шешім оңайлықпен қабылданбағаны есімізде. Бір жағынан шаруалар талап қойса, екінші жағынан экологтар қарсы шықты. Қаулы негізінде 2023 жылы 15 қыркүйек пен 10 желтоқсан аралығында Қостанай, Қарағанды, Ақмола және Батыс Қазақстан облыстарының аумақтарында киіктерді аулау науқаны басталды.

Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдары ұсынған биологиялық негіздеме бойынша киіктің Орал популяциясынан 20 пайыз (шамамен 226 мың бас), Бетпақдала популяциясынан 15 пайыз (111,8 мың бас) алып қалу керек деп белгіленді. Осы шектеулі және бақылаулы аулау алғашқы кезеңде небәрі 20 мың киікті қамтығаны хабарланды.

2023 жылғы күзгі науқан – Қазақстанда отыз жылға жуық уақыттан кейін киікке қатысты жүргізілген алғашқы ресми реттеу шарасы болды. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бұйрығымен осы жылдың 6 қазанынан бастап киік санын реттеудің құқықтық тетіктері күшіне енді. 2024 жылдан бастап жыл сайын 1 қазан мен 15 қараша аралығында киік аулауға кезеңді түрде рұқсат берілетін болып жоспарланды. Үкімет алдағы жылдары киік популяциясын тұрақты пайдалану жүйесін қалыптастыруды көздеп отыр: яғни киік етін тағам ретінде пайдалану, трофейлік және әуесқой аңшылықты қатаң квота арқылы ұйымдастыру сияқты мәселелер қоғам талқысына салынып, қажетті нормативтік өзгерістер дайындалуда.

Мұндай саясат бір жағынан киіктің экожүйедегі рөлін ескере отырып, санының шектен тыс өсуін тежеуді, екінші жағынан жергілікті халықтың мүддесін қорғауды мақсат тұтады.

Еске салсақ, 2015 жылдың мамырында тіркелген оқиға табиғат тарихындағы ең ірі жануарлар қырғынының бірі ретінде сипатталған. Ғалымдардың мәліметінше, сол кезде Қазақстандағы

киіктердің шамамен 80 пайызы, яғни 200 мыңға жуық жануар қырылған. Бұл туралы IFLScience басылымы жазады.

#### Ғалымдар не дейді?

Сол уақытта зерттеушілер бұл жағдайды «күрделі әрі бұрын-соңды болмаған қауіп» деп бағалаған, себебі ірі сүтқоректілер арасында мұндай көлемдегі популяцияның күрт азаюы өте сирек кездеседі. Алайда бұл апаттың нақты себебін анықтау ғалымдарға 10 жыл уақытты қажет етті. Оксфорд университетінің биоэволюциялық бойынша профессоры Э.Дж.Милнер-Гулландтың айтуынша, ғалымдарға нақты қорытындыға келу үшін жылдар бойы дерек жинауға тура келген.

Алғашында Ресей зымырандарынан қалған улы отын әсері, аймақтық температураның күрт жоғарылауы сынды нұсқалар айтылды. Алайда кейін бұл қырғынның басты себебі – бір ғана фактор емес, бірнеше жағдайдың үйлесуі екен.

Киіктердің қырылуының нақты себебі ретінде Pasterella multocida бактериясы аталды. Бұл бактерия бұған дейін киіктердің азғасында, атап айтқанда, бадамша бездерінде еш зиянсыз өмір сүріп келген. Алайда 2015 жылы Қазақстанның кейбір өңірлерінде ауа температурасы мен ылғалдылық қалыптан тыс жоғарылаған. Салдарынан бактерия қарқынды көбейіп, киіктердің қанына еніп, геморрагиялық септицемияға әкелген.

Зерттеушілердің сөзінше, соңғы 20 жылда Қазақстанда 75 миллион гектардан астам жайылым, батпақты жерлер мен шөлейт аумақтар қалпына келтірілген. Бұл өз кезегінде киіктердің жабайы популяциясын 40 мыңнан 2,8 миллионға дейін арттыруға мүмкіндік берген.

Еске салсақ, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, былытр жалпы 15 380 киік ауланған. Оның ішінде Ақмола облысында 10, Батыс Қазақстан облысында 3 944, жалпы 3 954 киік арнайы қоршауға алын- нып ұсталса, ату арқылы 11 426 киік, нақтырақ айтсақ, Ақмола облысында 1 833, Қарағанды облысында 2049, Қостанай облысында 1 479 және Батыс Қазақстан облысында 6065 бас жойылған.

Осы ретте «Атылған киіктердің еті мен мүйізі не болды?» деген заңды сұрақ туындайды. Бірақ бүгінде киік етін сыртқа экспорттауға Үкімет дайын емес. Сондықтан сол уақытта бұл өнімді тек Қазақстанда сатуға рұқсат берілген болатын. Сөйтіп елде 7 ет комбинаты айқындалды. Бұл өндіріс ошақтары өнімнің сапасы мен ветеринарлық қауіпсіздігіне толықтай жауап беруді өз міндетіне алды.

Жергілікті халық тарапынан келісі 1600 теңгеге бағаланған киелі жануардың етін сұраныс жоғары болды. Бұған киік етінің төрт түліктен арзан болуы себеп екен. Тіпті шұжық пен паштетке артық ет қалмай жатты. Ал киіктің мүйізін Қытайға сату жоспарланып отырғаны белгілі болды.

#### 500 АЕК-ге дейін айыппұл көзделген

Киік мүйізін заңсыз иелену бойынша қаншама қылмыс та ашылды. Мәселен, аймақта былытр бұл бойынша 12 қылмыстық іс, оның ішінде киіктерге қатысты 9, атуға тыйым салынған жануарлардың бөлшектері бойынша 2, «Қызыл кітапқа» енгізілген сұңқар құсқа қатысты 1 қылмыстық іс анықталып, 18 әкімшілік хаттама толтырылған.

Айта кетейік, Ақбөкен аулағандарға ҚР Қылмыстық кодексінің 339-бабына сәйкес ең жоғары жаза 12 жылға бас бостандығынан айырылады. Кінәліден жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды өтеу талап етілуі мүмкін. Заңнама мұндай өтемақы сомасын ақшалай мөлшерде бағалайды. Құқық бұзушыдан табылған бір ақбөкеннің мүйізі үшін жануарлар дүниесіне келтірілген зиян үшін өтемақы 500 АЕК құрайды.

Сондай-ақ ақбөкендерді, олардың бөліктері мен деривативтерін пайдалануға мораторий кезінде бұл сома үш есеге артады. Мораторийдің мерзімі аяқталғаннан кейін өтемақы сомасы 1,5-ке көбейтіліп, бір жеке тұлға үшін 2,7 миллион теңгеден асады. Бірақ мораторий біткеніне қарамастан, ақбөкенді аулауға тыйым салынады.

#### Қазақ пен киіктің тағдыры ұқсас

Иә, қазақ өзіне жақын тұтып, аялап, киіе санайтын жануардың бірі – киік. Қызға «Құралай» деп ат қою, өлден ерек сүйкімдіні «Киіктің лағындай» немесе «Құралайдың көзіндегі мөлдір» деген әдемі төнеулер халқымыздың сайын даланың еркесіне деген ерекше көзқарасынан, оны жанына жақын тұтқанынан туса керек.

Киік қазақ секілді сайын даланы еркін мекендеп, судың туығын ішіп, ауаның тазасын жұтып, көшіп-қонып жүреді. Халқымыз мамырдың аяғына таман соғатын суық желді «Құралайдың салқыны» деп бекер айтпапты. Өйткені бұл уақытта күтпеген жерден ызғарлы суық келіп, жаңбыр мен қар аралас жауын жаууы мүмкін. Дәл осы кезеңде киіктер төлдейді. Киелі жануар алдын ала шыбын-шіркей жоламайтын, үнемі жел есіп тұратын беткейді таңдайды. Ақбөкен басқа жануарлар секілді шаранасын жаламай, лағын бірден төпелеп тұрған жаңбыр суының астына тосып, өзі де жаңбыр суына тазартатын көрінеді. Шарананы желдің өзі келтіреді.

Киіктің тағы бір ерекшелігі, жетімін жатқа қалдырмайтын қазақ секілді жетім қалған лақтарды далаға тастап кетпейді екен. Маң далада аналық алдынан маңырап шыққан жетім лақты емізіп, бауырына басып, өзімен бірге қалдырмай ертіп жүре беретін мейірімді жануар деседі. Сонымен бірге ақбөкеннің ең далада ойнақтат жүрген мыңдаған лақтың ішінен өз тәліп адастай табатын қасиеті тағы бар.

Олардың тағы бір ерекше қасиеті, ұрғашы киіктер іштегі төлінің ұрғашы немесе еркек болып туылуын өздері реттейтін көрінеді. Егер араларында текелері азайып бара жатса, сол жылы кілен еркек лақтарды өмірге әкелетін, өз есімін өз бақылайтын жер бетіндегі бір ғана жануар – киік. Осыдан кейін Құдайдың құдіретіне таң қалмай көріңіз! Ақбөкендердің айрықша қасиетінің бірі – мәрттігі мен сертке беріктігі. Олар соңынан қуған қуғыншы – ажалдың алдын кесіп өтуге ұмтылып, ақыры бір кесіп өтеді екен. Егер аяғы сүрініп сұлап түссе, жанары мөлтілдеп жата береді. Тіпті алқымына ыпшақ тақасаң да ажалының көзіне тура қарап, тұяқ серіппейтіні киіктің киелілігінің бір дәлелі. «Ажал ауызында жатқан киіктің тұңғыш көзіне қарау мүмкін емес» дейді табиғат жанашырлары.

Мамандар ақбөкендердің 87 түрлі есімдікпен қоректенетінін алға тартады. Халықтық медицинада киіктің мүйізінен туғына дейін ем болатыны содан. Өсімдікті жыл мезгілдеріне сай тапсаң, таңдап жейтін кірпізге жаратылыс иесі. Бұл да киіктің киелі жануар екенінен хабар беріп тұрғандай.

#### Таза Қазақстан



## Тазалық табалдырықтан басталады

Сенбі сайын Жалағаш кенті және ауылдық округтерде жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылуда. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов сенбілік жұмыстарымен танысып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Апта сайын жаппай сенбілік ұйымдастыру аудандағы тазалықты сақтап қана қоймайды, адам денсаулығына, таза ауа жұтуға да өз септігін тигізеді. Жастардың да қалауы таза Жалағаш болғандықтан, сенбілікке шығатын ерікті жастар қатары артқан. Тазалық жұмыстарына аудан бойынша 153 мекемеден 2100-ге жуық адам қатысып, 33 техника жұмылдырылды.

– Сенбілік – бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, ауыз-біршілікті көрсететін керемет шара. Ауданда әр аптада жаппай тазалық жұмыстары жүргізіліп тұрады. Әр тұрғын бір адамдай атсалысуда. Осының арқасында болар, ауданымыздың әр көшесі өдеуір таза. Бүгін сенбілікке шығып, талдарды өктеп, айналаны сыпырып, қоқыстарды жинап жатырмыз. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, әр адам өз ауласын таза ұстауға міндетті. Сол арқылы ауданымыздың көркі керемет болмақ, – дейді кент тұрғыны Дәулеткерей Ибрагимұлы.

Рас, тазалық әр адамның өзінен басталуы тиіс. Өз ауласын тазартып, абаттандыруға көңіл бөлсе, ауаны да тазартып, ауданды да көркейтуде жол ашылар еді. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен кент тұрғындары сенбілікте жабайы шөптерді шауып, қураған талдарды кесіп, аяқсу жүретін арықтарды тазартты. Сонымен қатар аудан бойынша мекемелер мен аллеялардың сыртқы қоршауларын, орындықтарын сырлау, талдарды өктеу, парктер мен аллеяларды тазалау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы 18 тоннаға жуық құл-қоқыс жиналып, белгіленген орындарға шығарылды. Жиналған қоқыстарды шығаруға Жалағаш кенті және ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды. Айта кету керек, аймақта мұндай тазалық жұмыстары көп жылдар бойы тұрақты түрде жүргізіледі.

– Қазір тазалықты сақтауға бәріміз бір кісідей араласып жатқанымыз рас. Бірақ екіншісті, сол еңбекпен жиналған көшелерден бос, иесіз жүрген жануарларды көреміз. Оларды жайылымға қараусыз жібереді. Ие, төрт түлікті асырау қанымызға сіңген шаруашылықтың түрі екені белгілі. Алайда иесіне тапсырып, жайылымдарға тура баруын қадағалау қажет. Себебі жануарларды бос жіберу кент тазалығына нөмқұрайлық таныту болып табылады. Жануарлар қараусыз жүргеннен кейін аллеяларда, парктерде, тіпті орталық алаңға да кіріп, тазаланған орындарды бүлдіріп кетеді. Халық болып тазартқан аумағы қайта бүлініп, шашылып қалмаса екен деймін. Әр адам тазалықты сақтауды, аудан жағдайын жақсартуды өз міндеті, парызы деп білуі қажет. Сонда ғана мұндай жағдайларға жол бермейміз, – дейді аудан тұрғыны Мәншүк Нұрмаханова.

Расында «адамның жанардан басты айырмашылығы санасында» дейді ғой, қараусыз жүрген жануарлар оны түсінбесе де, иелері түсінуі керек. Мәселен, сиыр, ешкілердің көзіміз көріп жүрген қоқыс салатын жәшіктерді төңкеруі, шөптерді шашып, есіп тұрған ағаштарды бүлдіруі, жалпы көше бойын ластауы сынды жағдайлар бірінші рет емес, соның салдарынан біріншінен, табиғат ластанады, екіншіден, кенттің таза тұруына кедергі келтіреді.

2025 жылдың 10 маусым күні Жалағаш кенті Төле би көшесі мен А.Күзембаев көшелерінің қиылысына Төле би көшесінің тұрғыны А.К.М есімді азаматтың белгіленбеген жерге қоқыс тастап, қоғамдық орынды ластағаны анықталды. Аталған азаматқа ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 434-2-бабының 1-бөлігіне сәйкес шара көрілді, яғни 10 АЕК (39 320 теңге) мөлшерінде айыппұл салынды.

Жеке үй-жайдан шығарылған тұрмыстық қатты қалдықтарды көше бойына шығарып, бей-берекет лақтырып, қоғамдық орындарды ластамау қажет. Алдағы уақытта бұл талаптарды орындамаған тұлғаларға жоғарыдағы заңдылықтарға сәйкес тиісті шара көріледі.

Жалағаш кенті бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару үшін Жалағаш кенті Ө.Тұңғышбаев көшесі (Ақсу ауылына баратын жол) бойында арнайы орын белгіленіп, қоршалған. Есік алды, аула ішінен, қоражайдан жиналған құл-қоқыстарды көлікпен жоғарыда атап көрсетілген орыңға апарып тастау қажет.

Бауыржан атамыз «тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» дейді. Әр адам осы тәртіпті өзінен, отбасынан бастаса, бәрі ойдағыдай болады, бұл ауданның да көркеюіне қосқан үлесі болау еді. Түған жеріміздің тазалығына, көлбетінің көркеюіне атсалысу – әрбір тұрғынның міндеті. Тазалық ұғымы қоқыстарды жинаған жерде емес, шашпаған жерде қалыптасады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

#### Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

#### Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

#### Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

#### Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,

жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.